

«Бекітілді» 
КМҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы
№1 педагогикалық кесте
26 тамыз 2021 жыл
Шешімі негізінде №67 бұйрық

**2021-2022 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу бағдарламасын
іске асыру бойынша ерте жас «Қайнар» тобының жылдық перспективалық жоспары**

Ерте жас тобы 2021-2022 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: Балалардың бойында балабақша туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін , ой-өрістерін кеңейте отырып бірлескен әрекетке қызығушылықтарын дамыту

Міндеттері:

- денсаулық сақтау технологиясы негізінде дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру;
- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым-қатынас дағдыларын , сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетте дамыту;

I апта	«Менің балабақшам»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) 1. Тәрбиешінің артынан баяу жүру. Бірқалыпты жүгіру. Қимылды ойын: «Балабақшаға барамыз» 2. Дене шынықтыру. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. Бірқалыпты жүгіру. Қимылды ойын: «Топта шар үрлейік» 3. Дене шынықтыру. Алаңның бір шетіне доптың артынан баяу жүру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Балабақшадағы көңілді доптар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің топ» Мақсаты: балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру, балабақша туралы түсінік беру. Дидактикалық ойын: «Топқа саяхат»	Сенсорика Тақырыбы: “Ойыншық құлыншақтың жолы” Мақсаты: балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті табуға үйрету. Үстел үсті ойыны: «Жол жаса»	Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар». Мақсаты: қағазбен, майлы қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Дидактикалық ойын: «Көңілді сызықтар» 1.Музыка Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз» Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу. Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» (Т. Молдағалиева, Н. Тілендиев.) Ән айту: «Бала,бала, балапан» (Ж. Смаков, И. Нүсіпбаев.) Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Жүреміз, жүгіреміз» Г. Абдрахманова	Балабақшаның күн тәртібіне бейімделулеріне жағдай жасау
II апта	Менің достарым	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) 1. Жұптасып жүруге дағдыландыру. Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Қимылды ойын: «Менің досым» 2. Дене шынықтыру. Шеңбер бойымен жұптасып жүру. Қонжыққа дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» 3. Дене шынықтыру. Допты қос қолдап лақтыру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Ақ қоянмен бірге»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: оқылған өлеңді тыңдауда шыдамдылыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Досыңды тап»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы құстармен таныстыру, (торғай, көгершін, қарға, шымшық) Дидактикалық ойын: «Торғайға жем береміз»	Музыка Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты дамыту. Ән тыңдау: «Кел, билейік» И. Нүсіпбаев Ән айту: «Бала, бала, баламыз» Б. Қыдырбекова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Сенің атың кім?» муз: А.Айтуова Мүсіндеу Тақырыбы: «Досымның доптары» Мақсаты: дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырып қоя білуге үйрету. Сары түспен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Үлкен –кіші доп»	Сәлемдесу және қоштасу әдептерін үйрету. Топтағы балалармен бірігіп ойнауға тәрбиелеу.

III апта	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Қимылды ойын: «Ойыншыққа жету» 2. Дене шынықтыру. Кілем бойымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Жіптің астынан еңбектеп өту (биіктігі 30-40см) Қимылды ойын: «Сызықты баспай көжекке жет» 3. Дене шынықтыру. Қарқанды өзгерте жүру және жүруден жүгіруге ауысу. Қимылды ойын: «Қонжыққа қарай жүгірейік»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің ойыншығым» Мақсаты: ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Тәрбиешінің сөзін түсініп, не?қандай? сұрақтарына жауап беруге үйрету. Балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін, сөздік қорын дамыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға, мұқият ойнауға тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды ата»	Сенсорика Тақырыбы: “Қуыршаққа арналған моншақтар” Мақсаты: балаларды әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектеуді үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Үстел үсті ойыны: «Моншақты тіз»	Сурет салу Тақырыбы: «Ойыншық қақпалар» (екі түспен қақпалар салу). Мақсаты: қарындашты дұрыс ұстай алуды үйрету. Қысқа және ұзын сызықтарды жүргізе білуді үйрету. Дидактикалық ойын: «Әдемі қақпалар» 1. Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев. Ән айту: «Біз -көңілді қуыршақ» Г. Жотаева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қуыршақ сөйлейді»	Ойыншықтармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру.
IV апта	Жиһаздар	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бағытты өзгерте отырып жүру. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Қимылды ойын: «Қызыл, сары орындықтар» 2. Дене шынықтыру. Жіптің бойымен жүру. Лентамен еденде 10см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Жолыңмен жүр» 3. Дене шынықтыру. Шеңбер бойымен бағытты өзгерте отырып жүру. Еніс тақтайдың үстімен еңбектеу. Спорттық іс-шара: «Орындығыңа тез отыр»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бөлме жасаймыз» (Фланелеграф тактада) Мақсаты: балаларға жиһаздарды атап айтуға үйрету. (Үстел, орындық, кереует.) Дидактикалық ойын: «Қуыршаққа орындық»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаш және оның бөліктері» Мақсаты: балаларды өсімдіктермен таныстыра отырып, назарларын ағаштың негізгі бөліктеріне аудару (дің, бұтақтары, жапырақтары) Үстел үсті ойыны: «Орындықты құрастыр»	Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры» Мақсаты: Баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету, әуендердің бейнелік сипатын түсіну. Ән тыңдау: «Әлди-әлди» қазақ халық әні. Ән айту: «Сылдырмақ» Е.Хасанғалиев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Орындықта отырып билейміз» Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған кереует» Мақсаты: балаларды сазбалшық, ермексазбен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Таяқшалар»	Балаларды өздерінің төсек орнын, киім шкафын танып ажырата білуге үйрету.

Ерте жас тобы 2021-2022 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;

Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
I апта	«Ата-аналар еңбегі»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен бірқалыпты жүру. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді отбасымыз» 2. Дене шынықтыру. Кілем бойымен жүру. Допты кеуде тұсынан қос қолдап лақтыру. Қимылды ойын: «Доптарды жинаймыз» 3. Дене шынықтыру. Доғалар астынан еңбектеп өту. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Маған еңбектеп жет»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анама көмектесемін» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: берілген сұрақтарға жауап бере отырып, көргендерін сипаттауға, сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Менің анам»	Сенсорика Тақырыбы: «Терезелі үй» Мақсаты: балаларды дайын үлгі бетіне сары түсті екі түрлі көлемдегі шаршыларды орналастыра білуге үйрету. Үстел үсті ойыны: «Үй құрастыр»	Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіптері» (үш түсті бояумен). Мақсаты: тұйықталған (ирек) сызықтарды жүргізу арқылы фломастерді немесе майлы қарындашты пайдалана отырып сурет салуға үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Көңілді жіптер» 1. Музыка Тақырыбы: « Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Үлкендердің қамқорлығын сезіну, іс-қимылына еліктеу. Ән тыңдау: «Нешеуміз» А.Токсанбаев. Ән айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек» муз: А.Айтуова	Өз отбасы мүшелерінің аттарын айта білуге үйрету

I I апта	«Менің көшем»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Кедергілер арасымен жүру. Отырып допты бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Көшедегі ағаштар» 2. Дене шынықтыру. Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Доғалар астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Допша секір» 3. Дене шынықтыру. Жүруден жүгіруге ауысу Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Жолдағы таяқшалардан аттап өт»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене? » бейнеролик көрсету арқылы түсіндіру . Мақсаты: балаларға әрбір істің жақсы, жаман жағы болатынын түсіндіру Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды!»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің бақшамдағы көкөністер мен жемістер» Мақсаты: бау-бақша өнімдерімен таныстыра отырып, ата-аналар еңбегін атау (қияр, қызанақ, алма, алмұрт). Дидактикалық ойын: «Себетке жина»	Музыка Тақырыбы: «Біздің аула» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылығын арттыру. Би қимылдарында жұптаса билеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру Ән тыңдау: «Шулы дыбыс» муз.А.Айтуова Ән айту: «Біз-көңілді баламыз» Б.Жұмабекова Әуенді ырғақты –қимыл ойын: «Күн мен жаңбыр» Мүсіндеу Тақырыбы:«Ашық шамдар» Мақсаты: Қызыл, сары, көк түсті ермексаздан дөңгелектер жасап, пішіндерді түзу сызық бойына орналастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Шамдарды орналастыр»	Ненің «жақсы» ненің «жаман» екенін ұғындыру
----------	---------------	--	--	---	---	--

III апта	« Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу Қимылды ойын: «Абайла, балақай!» 2. Дене шынықтыру. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру.Допты қағып алуға дағдыландыру. Қимылды ойын: «Қоңырауды сылдырлат» 3. Дене шынықтыру. Отырып допты бір-біріне домалату. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Жаңбырдан тығылайық»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» (өлең) Өтебай Тұрманжанов Мақсаты: балаларды өлеңнің мазмұнын тыңдап, тәрбиеші айтқан дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»	Сенсорика Тақырыбы: «Пазлдардан сурет құрастыр» Мақсаты: екі бөлікті пазлдан заттың бейнесін құрастыруға үйрету. (үтік, тоқ көзі, бағдаршам) Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды»	Сурет салу Тақырыбы: «Жау-жау , жаңбыр» (дайын үлгідегі бұлттың астына) Мақсаты: Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Музыка Тақырыбы: «Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Өнді дауысқа күш түсірмей, айкайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру.Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев. Ән айту: «Бәріміз бірге» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Поезд» (К. Қуатбаев)	Ойын барысында бір-бірін түсінуге үйрету.
----------	-------------------------------------	--	---	---	---	--

I V апта	« Алтын күз »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру . Қимылды ойын: «Жапырақтар жинайық» 2. Дене шынықтыру. Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Күзгі соқпақ жол» 3. Дене шынықтыру. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. Допты нысанаға дәлдеп лақтыру. Спорттық іс-шара: «Себетті толтыр»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» өлең. <i>К.Ахметова</i> Мақсаты: Тақпақтың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау. Үстел –үсті ойыны: «Алма, алмұртты көп жина»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қоңыр күз» Мақсаты: Күз мезгілімен және табиғаттағы маусымдық өзгерістермен (бұлтты, суық) таныстыру. Дидактикалық ойын: «Гүл күлтелерін жинайық»	Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты:.. Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Ән сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Ән тындау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Ән айту: «Күз» Ғ.Абдрахманова Әуенді ырғақты қимыл- ойын: «Қолшатыр» Мүсіндеу Тақырыбы: «Қонжыққа арналған жидектер» Мақсаты: Бүлдіршіндерге кішкене домалақ заттарды мүсіндеуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Жидектер тереміз»	Табиғатта болып жатқан өзгерістерді бақылауға үйрету.
----------	---------------	---	--	---	---	--

Ерте жас тобы 2021-2022 жыл қараша айы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың, жаны сау»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Коммуникация»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25 Музыка-1,5	Әлеумет-0
------	---------	-----------------------------------	---	--	--	-----------

І апта	« Өзім туралы »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бағытты өзгерте отыра жүру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру. Қимылды ойын: «Мен шыныққан баламын» 2. Дене шынықтыру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру (қағып алмай) Қимылды ойын: «Дәл түсір» 3. Дене шынықтыру. Бір орында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Арқанның астымен еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Бірге қонаққа барайықшы»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бұл мен!» (суреттерді көрсете отырып, әңгімелесу) Мақсаты: Тәрбиешінің көрсеткен суреттері арқылы. (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап бере білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»	Сенсорика Тақырыбы: «Мен сияқты жаса» Мақсаты: Үш түсті, көлемі әр түрлі текшелерден пирамида құрастыру. Үстел-үсті ойыны: «Пирамида»	Сурет салу Тақырыбы: «Менің моншақтарым» Мақсаты: Дөңгелек сызықтар жүргізу арқылы моншақ суретін салуға үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Моншақтарды тізбекте» Музыка Тақырыбы: «Мен кімге ұқсаймын?» Мақсаты: Өннің мағынасын түсіну. Өнді табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Өн тыңдау: «Кімге мен ұқсаймын». («Зерек ботақан» жинағынан) Өн айту: «Қарашы маған» А.Айтуова Әуенді - ырғақты қимыл- ойын : «Топ-топ басайық» (Үш тілдегі әндер» жинағынан)	Жақында-рына тілектестік сезімдерін таныта алады.
--------	-----------------	--	--	--	---	---

I I апта	« Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Шағын топқа бөлініп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Дәрумендер жолындағы кедергілер» 2. Дене шынықтыру. Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Қимылды ойын: «Дәрумендерді тап» 3. Дене шынықтыру. Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) <i>Рза Қунақова</i> Мақсаты: Өлеңді тыңдай білуге, қайталап айтуға үйрету. Жемістерді (алма, өрік, кара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Ойын жаттығу: «Жемістерді ата»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістер. Алма» Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерін атауға және алманың түсін, дәмін ажыратып айта білуге үйрету. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Музыка Тақырыбы: «Дәрумендер» Мақсаты: Табиғи дәрумендер туралы түсініктерін, көңілді әуенмен көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру. Ән тыңдау: «Алтын күзде молшылық» А.Айтуова Ән айту: «Апорт деген тәтті алма» Әуенді –ырғақты қимыл- ойын: «Жемістер мен көкөністер» Мүсіндеу Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс» Мақсаты: Дөңгелектің ішіне ермексаздан жасалған кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра білуге үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту.	Ас ішкеннен кейін ризашы-лық сөздерін қолдануға үйрету.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
------	---------	-----------------------------------	--	---	--	-----------

III апта	« Өзіңе және өзгелерге көмектес» »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Қимылды ойын: «Біз біргеміз» 2. Дене шынықтыру. Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Қимылды ойын: «Поезд» 3. Дене шынықтыру. 30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру. Кедергі астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Маған көмектес»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырайық » Мақсаты: Балаларды қуыршақпен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Кімнің сәйкесін тап»	Сенсорика Тақырыбы: «Қорапшаларға орналастыр» Мақсаты: Екі әр түрлі пішінді (тік төртбұрыш, үшбұрыш) және екі әр түрлі көлемді заттарды таңдауға және топтастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Пішіндерді жинастыр	Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: Қарындаш, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. Дидактикалық ойын: «Торғайды тамақтандыр» Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Өз-өзіне қызмет етуге, ұжымдық әрекетке баулу. Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ән тындау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова (Үш тілдегі әндер» жинағынан)	Өз киімдерін шешуге дағдыландыру.
IV апта	« Біз күштіміз, ептіміз »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет» 2. Дене шынықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Қимылды ойын: «Сызықты басып кетпе» 3. Дене шынықтыру. Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Спорттық іс-шара: «Біз күштіміз, ептіміз»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Саусақ театры арқылы сахналау. Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қызығушылықтарын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен өзім туралы не білемін?» Мақсаты: Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйрету (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б.). Ойын жаттығу: «Менен кейін қайтала!»	Музыка Тақырыбы: «Біз күштіміз, ептіміз» Мақсаты: Музыка сүйемелдеуімен ырғаққа сәйкес нақты қимылдар жасау. Ән тындау: «Біз-кішкентай бишіміз» Б.Жұмабекова Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев «Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кім жылдам?» қимылды ойын Мүсіндеу Тақырыбы:«Доптар» Мақсаты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Күшті доптар»	Балалардың дербес ойындарын да қимыл белсенділігін арттыру

Ерте жас тобы 2021-2022 жыл желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астанамыз - Нұр-Сұлтан қаласымен, мемлекеттік рәміздер, еліміздің Тұңғыш Президенті және қазіргі мемлекет басшысымен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын, патриоттық сезімдерін ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
I апта	« Жайнай бер, Қазақстаным! »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Ұзындығы 2,5-2м, ені 20 см тақтай бойымен жүру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру. Қимылды ойын: «Көкпар» 2. Дене шынықтыру. Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы себетке допты дәлдеп лақтыру. Қимылды ойын: «Қуыспақ» 3. Дене шынықтыру. Шығыршықтың (обруч) ішіне қос аяқпен секіру. Кедергілер арасынан жүгіру. Қимылды ойын: «Мен чемпионмын »	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің тұңғыш Елбасым! » Мақсаты: Тұңғыш Елбасымыздың туып-өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңі туралы мағлұмат беру. Рәміздермен таныстыру,Елбасының ұстанымымен,өмір жолын үлгі етіп, балаларды Отанын, халқын, жерін сүйуге, батылдыққа, азаматтыққа, патриоттыққа тәрбиелеу. Үстел-үсті ойыны: «Туды құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Мұнара» Мақсаты: Үш түсті (текшелер, конустар, цилиндрлер) бөліктері біртіндеп кемитін, бір өлшемді шарлар мен текшелерден мұнаралар құрастыру Дидактикалық ойын: «Түстерін ата»	Сурет салу Тақырыбы: « Мұржадан түтін будақтайды» Мақсаты: Қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Суретті толықтыр» 1. Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Ұлпақарлар биі»	Қыс мезгілінде таза ауаға бір-бірімен қол ұстасып шығуға үйрету.
I I апта	«Отанымыздың жүрегі – Нұр-Сұлтан қаласы»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Допты себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Дәл түсір» 2. Дене шынықтыру. Төрттағандап тақтайдың үстімен жүріп, бірнеше кедергіден (лента, текше) өту. Қимылды ойын: «Сызықтың бойымен жүр» 3. Дене шынықтыру. Шеңберден шеңберге аттау. Допты қағып алу. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Астана» (өлеңін жаттау) <i>Ермек Өтетілеуов.</i> Мақсаты: Балаларды өлең жолдарын тыңдап, бірнеше қайталату арқылы қысқа тақпақты жаттап айтуға үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Бәйтеректі құрастыр»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Еліміздегі жан-жануарлар» Мақсаты: Видеоролик арқылы Қазақстанның жабайы аңдарымен таныстыру (ақ аю, қоян, түлкі, қасқыр) Ойын жаттығу: «Мекенін тап»	Сурет салу Тақырыбы: «Әсем қаланың өрнектері» Мақсаты: Түрлі-түсті қарындаштарды пайдалана отырып, әсем гүлзарларды безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Үстел-үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» Мүсіндеу Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: Балаларға пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш) геометриялық пішіндер арқылы үй құрастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Қонжыққа үй жасайық»	Өздеріне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.

Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
III апта	«Тәуелсіз Қазақстан»	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен жүру. 30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру. Жәй қимылды ойын: «Ұшты, ұшты» 2. Дене шынықтыру Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Жалаушаға тез жет» 3. Дене шынықтыру Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу Спорттық отбасылық сайыс: «Алға, бүлдіршін»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым» Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні туралы мағлұмат бере отырып, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге, Отанды сүйе тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, сөздік қорларын молайту. Үстел-үсті ойыны: «Суретті құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Мегадағы ойыншықтар» Мақсаты: Балаларды «мұнда», «анда» деген белгілер бойынша ойыншықтарды кеңістікке орналастыра білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Орнын тап»	Сурет салу Тақырыбы: «Шуақты күн» (дөңгелек үлгісі) Мақсаты: Қарындашпен түзу сызықтар арқылы күн сәулесін салу әдісін дамыту. Қимылды ойын: «Күн және түн» 1. Музыка Тақырыбы: «Қазақстан-елімің аты» Мақсаты: Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қарапайым би қимылдарында жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу Ән тыңдау: «Отаным» К.Қуатбаев Ән айту: «Шырша жыры» Б. Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Қонжықтар» биі	Еліміздің Тәуелсіздік күнімен, рәміздерімен таныстыру, оларды атауға үйрету.
Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0

III анға	«Тәуелсіз Қазақстан»	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен жүру. 30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру. Жәй қимылды ойын: «Ұшты, ұшты» 2. Дене шынықтыру Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Жалаушаға тез жет» 3. Дене шынықтыру Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу Спорттық отбасылық сайыс: «Алға, бүлдіршін»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым» Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні туралы мағлұмат бере отырып, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге, Отанды сүйуге тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, сөздік қорларын молайту. Үстел-үсті ойыны: «Суретті құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Мегадағы ойыншықтар» Мақсаты: Балаларды «мұнда», «анда» деген белгілер бойынша ойыншықтарды кеңістікке орналастыра білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Орнын тап»	Сурет салу Тақырыбы: «Шуақты күн» (дөңгелек үлгісі) Мақсаты: Қарындашпен түзу сызықтар арқылы күн сәулесін салу әдісін дамыту. Қимылды ойын: «Күн және түн» 1. Музыка Тақырыбы: «Қазақстан-елімің аты» Мақсаты: Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қарапайым би қимылдарында жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу Ән тыңдау: «Отаным» К.Қуатбаев Ән айту: «Шырша жыры» Б. Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Қонжықтар» биі	Еліміздің Тәуелсіздік күнімен, рәміздерімен таныстыру, оларды атауға үйрету.
----------	----------------------	---	--	--	--	--

IV анға	«Туған өлкем »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Еденде ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүру. Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру. Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер» 2. Дене шынықтыру. Бағдар бойынша кілемнің бойымен жүріп келіп, бір орында баяу айналу. Қимылды ойын: «Қуыршақпен бірге айналайық» 3. Дене шынықтыру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Қимылды ойын: «Кім күшті?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: Жасыл шырша» (өлең) <i>Есентай Ерботин</i> Мақсаты: Шырша туралы өлеңді оқу, өлең мазмұнымен түсінуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Дидактикалық ойын: «Шыршаны безендіреміз»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғат туған үйіміз» Мақсаты: Табиғатты аялауға, құстарға, жан-жануарларға көмек көрсете білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Құстың ұясы»	Музыка Тақырыбы: « Менің қалам» Мақсаты: Туған қалаға сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Қаланың қысқы көрінісін сипаттау. Ересектермен бірге ән салуға дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Шыршаға бардык» А. Асанов, . Ән айту: «Аяз ата» Т.Әбдіқадіров Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Қар жинаймыз» Мүсіндеу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балаларға ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ жұмыр мүсіндер жасауға үйрету. Шар пішініне келтірген соң алақан арасына салып сопақша етіп есу. Үстел-үсті ойыны: «Пирамида жасаймыз»	Бірігіп ойнау дағдыларын қалыптастыру
---------	----------------	---	---	---	---	---------------------------------------

2021-2022 жыл қаңтар айы

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балалардың тірі,өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
- қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
- эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
І апта	«Айналамыздағы өсімдіктер»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бір қалыпты жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» 2. Дене шынықтыру Бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Себетке жина» 3. Дене шынықтыру. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиектері шектелген тура жолақпен жүру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қалта» Мақсаты: Балаларды көкөністер мен жемістер туралы түсінік бере отырып, олардың түсін, пішінін айта білуге үйрету,сөздік қорларын молайту. Дидактикалық ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат»	Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі – түсті шалғын» Мақсаты: Өртүрлі заттарды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей түсі бойынша орналастыруды үйрету, «түсі бойынша әртүрлі», «өлшемі бойынша әртүрлі» деген ұғымдар мен «үлкен-кішкентай» деген түсініктерді дұрыс қолдану. Үстел-үсті ойыны: «Шалғынды құрастыр»	Сурет салу Тақырыбы: «Шыршаның шамдары» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу. Ойын жаттығу: «Шыршаны безендір» 1.Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілетін қалыптастыру. Қатты және жай динамикада ән салып үйрену. Ән тыңдау: «Арша» Б.Дәлденбаев Ән айту: «Шыршамызға арнаймыз» Е.Тиличеева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Шыршамызды безендірейік»	Қоршаған ортаны тани білуге, оларға күтім жасауға үйрету.

ІІ апта	«Жануарлар әлемі»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Берілген бағыт бойынша аяқтың ұшымен жүру. Алаңда шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Түлкіні ұстап алайық» 2. Дене шынықтыру. Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. Кедергілі жазықтың бетімен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян» 3. Дене шынықтыру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Еңіс тақтайдың үстімен жүру. Қимылды ойын: «Қарды нысанаға лақтыру»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Үйін тап»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның төлдері» Мақсаты: Үй жануарлары және оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Төлін тап»	Музыка Тақырыбы: «Жануарлар әлемінде» Мақсаты: Өндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Өн-би мазмұнын қимылмен жеткізу. Өн тындау: «Төлдер» Б.Ғизатов Өн айту: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Не қалай дыбыстайды?» Мүсіндеу Тақырыбы: «Жайлаудағы қошақандар» Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыру, қойлардың суретін «Жайлауға» орналастыруды үйрету. Дидактикалық ойын: «Түстерін ата»	Балаларды жануарларға деген сүйіспеншілікке баулу.
---------	-------------------	---	---	---	---	---

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
III апта	«Құстар біздің досымыз»	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру. Доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина» 2. Дене шынықтыру. Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру. 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өту. Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет» 3. Дене шынықтыру. Орнынан ұзындыққа секіру.(20-25 см) Бір және екі қолымен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Көпірден өт»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ұшады-ұшпайды» Мақсаты: Балаларға табиғатта ненің ұшатыны, ненің ұшпайтыны туралы түсіндіру арқылы зейіндері мен ойлау қабілеттерін дамыту. Құстар туралы түсініктерін кеңейту арқылы ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Құсты ағашқа орналастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары» Мақсаты: Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету, қызыл, сары, көк, жасыл түстермен таныстыруды жалғастыру, зейінділікті, қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үстел-үсті ойыны: «Балапан құрастыру»	Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету, ойын тәсілдері арқылы ой-қиялдарын дамыту, құстарға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Кішкене торғай» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Шөжелерім» Азербайжан халық әні	Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу

I V апта	« Ғажайып қыс »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). Допты екі қолмен төменнен лақтыру. Қимылды ойын: «Қарды домалат» 2. Дене шынықтыру. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу. Қимылды ойын: «Аққалаға дейін еңбекте» 3. Дене шынықтыру. Түзу бағытта заттарды аттап өту. Допты жоғары лақтыру. Спорттық іс-шара: «Шынықсаң шымыр боласың!»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Мақсаты: Өлең жолдарына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: <i>қалтырайды, ағарады, қар, қыс, үлбіреген, аққала</i> сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мұз» Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Тәжірибе жасау барысында балалардың танып білуге деген құштарлықтарын дамыту. Жансыз табиғаттағы құбылыстарға деген қызығушылықтарын арттыру. Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»	Музыка Тақырыбы: «Қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту Ән тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр» Мүсіндеу Тақырыбы: «Шыршаның ойыншықтары» Мақсаты: ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып сопақшалап есу арқылы ойыншықтар жасауға болатыны туралы түсінік беру. Ойын арқылы мүсіндеу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеу тілін жаттықтыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қоғалысын жетілдіру. Ойын жаттығу: «Түстерін ата»	Өздеріне қызмет көрсету дағдыларын дамыту.
----------	-----------------	--	--	---	--	---

2021-2022 жыл ақпан айы

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
I апта	« Ғажайыптар әлемі »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бөренелерден аттап жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Ғажайып кедергі» ойыны» 2. Дене шынықтыру Орнынан ұзындыққа секіру(25-30 см) Шеңберден шеңберге аттау. Қимылды ойын: «Қоянша секір» 3. Дене шынықтыру. Қарлы төмпешікке өрмелеу. (ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу) Қимылды ойын: «Мені қуып жет»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аялайық гүлдерді» Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыру кезінде сұрақ-жауап әдістерін қолданып , пассивті және белсенді сөздік қорларын кеңейту.Топтағы табиғат бұрышындағы гүлдердің атауларын үйрету. Өсімдіктерді баптауға, қамқор бола білуге тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып күн шуағы» Мақсаты: Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, көлеміне, түсіне сәйкес келетін пішіндерді орналастыру.Заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үстел-үсті ойыны: «Сәйкесін тап»	Сурет салу Тақырыбы: «Ақ ұлпа қарлар» Мақсаты:Қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Бояуды парақ бетіне сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Бұл не?» 1.Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау.Әуенге әсерлену. Ән тындау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б.Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»	Айналадағы болып жатқан маусымдық өзгерістерді бақылауға үйрету.

I I апта	« Көліктер »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина» 2. Дене шынықтыру. Жол бойымен еңбектеу. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. Қимылды ойын: «Паровоз» 3. Дене шынықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде бір орында баяу айналу. Секіртпеден секіру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» (өлеңі) Мақсаты: Өлеңді мұқият тыңдауға, мазмұнын түсінуге үйрету, балалардың поезд дыбысына еліктеп у- дыбысын созып, қимыл әрекеттерін жасап, айтуға үйрету. Қимылды ойын: «Поезд»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы білім беру, автобус көлігімен таныстыру.Көліктердің ерекшеліктеріне қарай топтастырып салыстыра білуге үйрету. Үстел –үсті ойыны: «Гараж»	Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Поезд келеді» (Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан) Мүсіндеу Тақырыбы: «Жеңіл машина» Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру, ермексаздан және дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету. Ойын жаттығу: «Машинаның дөңгелегін тап»	Қоғамдық көлік тердегі әдептілік.
----------	--------------	---	---	---	---	--

III апта	« Электроника әлемі »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Ойын-жаттығу: «Көреміз, қайталаймыз» (Экраннан көрсету және оны қайталау) 2. Дене шынықтыру. Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Музыкалық жаттығу: «Кіріпілер билейді» 3. Дене шынықтыру. Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Қимылды ойын: «Көлшіктен аттап өт»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Телефон» (өлсң) <i>Корней Чуковский</i> Мақсаты: Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуін дамыту. Электроника туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын: «Телефон»	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті сақиналар» Мақсаты: Қылқаламмен дөңгелек пішін салуға үйрету. Бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру.Сурет салуға деген қызуғушылыққа тәрбиелеу.Дидактикалық ойын: «Экраннан үлкен кіші сақиналарды көрсет» 1.Музыка Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Фиксики» (мультфильм әуені) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан) жинағынан)	Заттарды күтіп ұстауға үйрету
IV апта	« Мамандықтың бәрі жақсы »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде» 2. Дене шынықтыру. Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Допты домалат» 3. Дене шынықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсіру. Скаймен музыкалық жаттығулар орындау	Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәрігер» Мақсаты: Балаларға мамндықтар туралы түсіндіру, дәрігер мамандығының не үшін қажет екендігін, мамандық иелерін құрметтеуді үйрету. Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»	Музыка Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Мамандық түрлері, қажеттілігі туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасау.Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» Е.Өміров Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым Әуенді –ырғақты қимылды ойын: «Көңілді ырғақ» биі. (Итальян полькасы) Мүсіндеу Тақырыбы: «Саңырауқұлақ жинайық» Мақсаты: Ермексазды домалақтап және сопақшалап илеуді үйрету, алақан арасына дөңгелекті салып тегістеу,әртүрлі пішіндерді біріктіру арқылы саңырауқұлақты мүсіндеу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойын жаттығу: «Ұшақ құрастыр»	Үлкен дердің еңбегін бағалауға үйрету

2021-2022 жыл наурыз айы

Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер және фольклор»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
I апта	« Нұр төккен, гүл көктем! »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Секіргіш көжектер» 2. Дене шынықтыру Таяқшалардан қос аяқпен секіру. Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу. Қимылды ойын: «Теңге алу» 3. Дене шынықтыру. Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Спорттық іс-шара: «Көкпар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аналар мерекесі» (сурет бойынша әңгімелесу) Мақсаты: Анаға деген құрметін, балалық сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуін дамыту. Сурет арқылы әңгіме құрастыруға үйрету. Әңгіменің мазмұнын ұғынуға көмектесу. Үстел-үсті ойыны: «Қоржынды құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып күн шуағы» Мақсаты: Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, көлеміне, түсіне сәйкес келетін пішіндерді орналастыру. Заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үстел-үсті ойыны: «Сәйкесін тап»	1. Сурет салу Тақырыбы: «Анама гүл сыйлаймын» Мақсаты: гуашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, дайын үлгідегі гүлдің суретіне қылқаламмен сүйкей отырып сабағын, жапырақтарын, гүлді салуға үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу. Ойын жаттығу: «Гүлдің жапырақтарын орналастыр» 1. Музыка Тақырыбы: «Көктем күні тамаша!» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Ән тындау: «Көктем» А. Еспенбетова Ән айту: «Жаңбыр» А. Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен жаңбыр»	Айналасын дағылар-мен қарым-қатынас жасауға үйрету

І І апта	« Өнер көзі халықта »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) 10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» 2. Дене шынықтыру. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. Музыкалық -қимылды ойын: «Қамшы алу» Таяқшадан қос аяқтап секіру 3. Дене шынықтыру. Доғаның астымен допты домалатып еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Киіз үйдегі ыдыстар» Мақсаты: Балаларға киіз үй және ұлттық ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету. Ыдыс-аяқтар, тағамдар атауларын сөз таптарында қолдануға үйрету. Дидактикалық ойын: «Дастарханға сәйкес кесені таңда»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді» Мақсаты: Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен, өсімдіктер мен жануарлардағы өзгерістерді бақылап ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Құстарға ұя жаса»	Музыка Тақырыбы: «Өнер көзі-халықта!» Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кел, билейік!» Б.Байқадамов Ән айту «Наурыз келді, алақай!» Б. Жұмабекова Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Қамажай» (Халық әні) Мүсіндеу Тақырыбы: «Тақияны әшекейлеу» Мақсаты: «құс қанаты» оюларын дайын үлгідегі қағаздан жасалған тақияны орнына жапсыру дұрыс орналастыру және ермексизден әшекейлер жасау. Эстетикалық қабылдауды дамыту. Дидактикалық ойын: «Сәйкесінше орналастыр»	Балалардың өздеріне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Қолды дұрыс жууға үйрету.
----------	-----------------------	---	--	---	--	---

Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеуме т-0
Ш апта	« Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Арқан тарту» 2. Дене шынықтыру. Орнынан ұзындыққа секіру (30-35см).Текшелерге шығу, қолын жоғары көтеру және түсу. Музыкалық жаттығу «Қошақанмен биле» 3. Дене шынықтыру. Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату. Қимылды ойын: «Асықты жина»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Наурыз мейрамы» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру, Наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту. Халықтық салт-дәстүрді құрметтеуге баулу. Мейрам,Наурыз және тағы да басқа жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру. Үстел-үсті ойыны: «қоржынды құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Сақинаны ал» Мақсаты: Балаларда заттық – жабдықтық әрекетті қалыптастыру: таяқтың көмегімен түрлі –түсті сақиналарды өзіне қарай жылжыту. Қимылды ойын: «Кел, сақинам кел»	Сурет салу Тақырыбы: «Орамалды безендіру» Мақсаты:Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету, саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемдерін дамыту.Балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Әндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау:«Тұсау кесу» Халық әні Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Шабандоздар» биі.	Үлкендердің сөзін тыңдауға үйрету

I V апта	« Ертегілер елінде. Театр әлемі »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бір және екі қолмен еденге ұру. Еңіс тактайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Машаны қуып жет»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (<i>ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау</i>) Мақсаты: Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлар және олардың төлдері» Мақсаты: Жануарларға тән ерекшеліктермен, олардың төлдерімен таныстыру. Тірі нысандарды бақылау қабілетін дамыту. Қайырымды болуға үйрету, жануарлар әлемі өкілдеріне қамқорлық жасауға деген құштарлығын ояту. Дидактикалық ойын: «Төлін тап»	Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Өндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Тұсау кесу» Халық әні Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Шабандоздар» биі. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: Ермексазды домалақтап және сопақшалап илеуді үйрету, алақан арасына дөңгелекті салып тегістеу, әртүрлі пішіндерді біріктіру арқылы ертегі кейіпкері «бауырсақты» мүсіндеу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.	Ертегі кейіпкерлерінің мінез – құлқын тануға үйрету
		2. Дене шынықтыру. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру. 30-40 секунд бойына үзіліссіз жүгіру. Қимылды ойын: «Бауырсақпен бірге аттайық» 3. Дене шынықтыру. Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру. Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру (10-15см). Қимылды ойын: «Кім жылдам?»				

2021-2022 жыл сәуір айы

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытуға ықпал жасау.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
I апта	« Аялайық гүлдерді »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Орнынан ұзындыққа секіру. (35–40см). Текшелерден аттап өту. Қимылды ойын: «Гүлдерді жинайық» 2. Дене шынықтыру Ирелендеген баудың бойымен еркін жүру. Нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Құмыраны толтыр» 3. Дене шынықтыру. Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бақ-бақ гүлі қарау» Мақсаты: Балаларды өсімдіктерді күтуде еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдана білуге үйрету. Өсімдіктерді аялап күтуге тәрбиелеу. Үстел-үсті ойыны: «Гүлді құрастыр» (Дьенеш блоктары)	Сенсорика Тақырыбы: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: өлшемі әртүрлі гүлдерді 2 топқа бөле алуға үйрету. Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру «осындай», «мұндай емес», «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Алаңқайды гүлдендір»	Сурет салу Тақырыбы: «Жылғалардан су ақты» Мақсаты: үзік сызықтарды салу дағдыларын қалыптастыру. көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояуды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Қызыл, сары көп гүлдер» Мақсаты: Өн-әуенге әсерлену. Өуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге, ырғақты сезіне білуге үйрету. Өн тындау: «Гүлдер» әні Өн айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Гүлдермен билейміз»	Балаларды таза ауадағы серуен кезінде бірігіп ойнауға үйрету.

І І апта	« Ас атасы – нан »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу. Қимылды ойын: «Жолдан шықпа» 2. Дене шынықтыру. Шенберден шеңберге секіру. Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу. Қимылды ойын: «Төбешікке мінеміз» 3. Дене шынықтыру. Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Астық жинаймыз»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» <i>(орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету)</i> Мақсаты: Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Ойын тапсырма: «Бауырсақтың жолы»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Балаларды нанның қасиетімен таныстырып,нанның адам еңбегімен келетінін, егістік диқаншылар еңбегімен таныстыру. нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білуге баулу. Дидактикалық ойын: «Дәмін тап»	Музыка Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауын қадағалайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдау. Ән тыңдау: «Ас атасы-нан» Б.Жұмабекова Ән айту: «Бауырсақтың әні» (Бауырсақ ертегісінен) Әуенді- ырғақты қимыл- ойын: «Қуып жет!» Мүсіндеу Тақырыбы: «Жүк машинасы» Мақсаты: Егістік көлік түрлерімен таныстыру, дайын пішіндерді қолдана отырып, композиция жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Машинаның дөңгелегін таңда»	Балаларды ң өзін- өзі ұстауға үйрету
----------	--------------------	---	--	--	---	---

Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеуме т-0
III апта	« Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бөренелерден аттап өту. Допты бір-біріне еңкейіп тұрып домалату. Қимылды ойын: «Ұсталған шыбындар» 2. Дене шынықтыру. Белгі бойынша тоқтап, жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту. Қимылды ойын: «Аралар» 3. Дене шынықтыру. Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелендеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту. Қимылды ойын: «Тордағы құс»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жәндіктер: құмырсқалар, көбелектер, аралар» Мақсаты: Кітапшалардағы суреттерге қарау, олардың мазмұны бойынша балаларға сұрақтар қойып, 3-5 сөзден тұратын сөз тіркестері арқылы жауаптар құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Көлеңкесіне сәйкес орналастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Әдемі көбелектер» Мақсаты: Көбелектерді түстеріне және көлеміне сәйкес іріктеу, оларды өлшемі бойынша салыстыруды үйрету. Негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту,ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Көбелектер қонады»	Сурет салу Тақырыбы: Шөптегі қанқыз (үлгідегі қанқыз) Мақсаты: Бояулармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру, үш саусағымен қылқаламды дұрыс ұстауды,табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қанқызының түймелерін орналастыр» 1.Музыка Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде» Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін дамыту. Ән тыңдау: « Араның әні » А.Еспенбетова Ән айту: «Көбелек» К.Қуатбаев Әуенді- ырғақты қимыл-ойын: «Көбелектер биі»	Ересек-тердің берген тапсырма ларын орын - дауға дағдылан дыру.
I V апта	« Еңбек бәрін жеңбек »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты нысанаға көздеп лақтыру. Қимылды ойын: «Кубиктерді жинастыр» 2. Дене шынықтыру. Бағытты өзгертіп жүгіру. Доғаның астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» 3. Дене шынықтыру. Допты бір метр қашықтықтағы қақпаға домалату. Допты қос қолдап торға лақтыру. Спорттық іс-шара: «Ептілер, күштілер»	Көркем әдебиет «Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын талдауға, оларға баға беруге, өзінің көзқарасын білдіруге үйрету. Ойын тапсырма: «Қуыршаққа көмектес»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер» Мақсаты: Балаларды жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерімен таныстыру (көбелек, қоңыз).Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. Үстел-үсті ойыны: «Қиынды суреттерді құрастыр»	Музыка Тақырыбы: «Біз еңбекқор баламыз» Мақсаты: Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге, жұптаса билеуге дағдыландыру. Ән тыңдау: «Қолқанат» Д.Омаров Ән айту «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!» Мүсіндеу Тақырыбы: «Құстарға жем дайындайық» Мақсаты: Ермексазды шымшып үзіп алу әдісін үйрету. Шығармашылық, таным ой-қабілеттерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларға көмектесуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Құстарға жем береміз»	Өз тілекте-рін білдіру үшін қажетті сөздерді қолдану-ға үйрету.

2021-2022 жыл мамыр айы

Өтпелі тақырып: « Әрқашан күн сөнбесін! »

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;
- достыққа, мейірімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
- өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеумет-0
I апта	« Достық – біздің тірегіміз »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) 30-40 секунд бойы үзіліссіз жүгіру. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам» 2. Дене шынықтыру Еңіс тақтай үстімен жүру. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру. Музыкалық жаттығу: «Достар жаттығуы» 3. Дене шынықтыру. Шенбер бойында қолдарын әртүрлі қалыпттармен қимылдар жасай жүру. Ауданы 50х50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Досыңа допты домалат»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балаларға саусақ театры арқылы ертегіге қызығушылықтарын бекіту. Пассивті және белсенді сөздік қорларын кеңейту. Байланыстырып сөйлеу техникасын кеңейту. Ойын тапсырма: «Құмыра мен тарелке құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Ақпыз, қара, сарымыз» Мақсаты: Түрлі түсті пирамидаларды құрастыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру және бекіту. Негізгі түстерді (қызыл, жасыл, көк, сары) атау, тани алу дағдыларын бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Дидактикалық ойын: «Пирамиданы жина»	Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отпашу» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, мерекелік отпашудың суретін салуға үйрету, бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Түстерді ата» 1. Музыка Тақырыбы: «Біздер тату достармыз» Мақсаты: Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу. Ынтымақ мерекесі туралы түсінік беру. Ән тындау: «Достық» И. Нүсіпбаев Ән айту: «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!»	Ересектерді ынтымақтандыру, білу дағдыларын қалыптас-тыру.
II апта	« Отан қорғаушылар »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Орындық астымен еңбектеп өту. 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Нысанаға дәлде» 2. Дене шынықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. Қимылды ойын: «Ұшақтар» 3. Дене шынықтыру. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. Доға астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қайырымдылық» (әңгіме) <i>Д. Далабеков</i> Мақсаты: Балаларды тыңдағандары, көргендері туралы айтып беру дағдыларын бекіту. Ойын тапсырма: «Бізге кім келгенін тап»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің атам» Мақсаты: Балаларға майдангер аталарымыздың, апаларымыздың ерліктері туралы түсіндіру. Жеңіс туралы түсінік беру. Отанын жерін сүйе, патриоттыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Таны да, ата»	Музыка Тақырыбы: «Ағалардай боламыз» Мақсаты: Отан қорғаушылардың істерін үлгі ету. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Ән тындау: «Ағалардай боламыз» Б. Жұмабекова Ән айту: «Біз-көңілді қуыршақ» А. Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Көңілді марш» Ә. Бестібаев 1. Мүсіндеу Тақырыбы: «Түрлі түсті жалаушалар» Мақсаты: Жалаушаларды түсіне қарай араластыра тізбектей білулерін бекіту. Ермексазды екі алақанмен есу арқылы сопақшалап жалаушаға таяқшасын жасау. Дидактикалық ойын: «Түстерді ата»	Айналасын дағылармен қарым-қатынасты реттеу үшін, қажетті сөздерді қолдана білуге үйрету.

Апт а	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-1 Сенсорика-0,5 Жаратылыстану-0,5	«Шығармашылық»-2 Сурет салу-0,5 Мүсіндеу-0,5 Музыка-1	Әлеуме т-0
III апта	«Көңілді жаз »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру. Аласа орындық үстінде еңбектеу. Қимылды ойын: «Көбелекті ұста» 2. Дене шынықтыру. Бір және екі қолмен допты еденге ұру. Таспалардан аттап өту. Қимылды ойын: «Менің көңілді добым» 3. Дене шынықтыру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Көлшік судан атап өт»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жазда» (өлең) Нәсіпбек Айтөв Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту, жайқалған жаз, жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып суреттерде бейнеленгендер туралы айтып беру дағдыларын бекіту. Дидактикалық ойын: «Ғажайып қорап»	Сенсорика Тақырыбы: «Дөңгелек күн» Мақсаты: әртүрлі заттарды түсі және пішіні бойынша сәйкестендіре алу дағдысын бекіту, тапсырыс пен сөздік мағынасы бойынша, түсіне қарай заттарды іріктеп таңдауды үйрету, балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту, қабылдауды, есте сақтауды, көрнекі-бейнелік ойлауды дамыту, балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулермен байыта отырып, қоршаған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп, талпынушылық пен білуге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай доптар» Мақсаты: құмға сурет салу дағдыларын қалыптастыру, балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда сурет салуды үйрету, саусақтарының икемділіктерін арттыру, өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Көңілді жаз» Мақсаты: Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Ән тыңдау: «Жаз келді, алақай» А.Айтуова Ән айту: «Күн» Г.Әбдірахманова Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен түн» қимылды ойын	Күрделі емес тапсырма ларды өз беттерін ше орындау дағдыла рын қалыптас тыру.
I V апта	« Мен жасай аламын »	1. Дене шынықтыру. (негізгі қимылдар) Бір қалыпты жүру. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. Қимылды ойын: «Мен дәл тигіземін» 2. Дене шынықтыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп, бір орнында баяу айналу. Музыкалық жаттығу: «Менен кейін қайтала» 3. Дене шынықтыру. Жол бойымен еңбектеу. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Спорттық іс-шара: «Біз спортшылармыз»	Көркем әдебиет «Әке мен бала» (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин Мақсаты: Шығарманы тыңдай білу дағдыларын бекіту. Үлкенді тыңдауға, өзіне берілген тапсырманы орындай білуге және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Кім не істейді? »	Жаратылыстану Тақырыбы: «Алақай жаз келді» Мақсаты: Жаз мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру (күннің көзі нұрын шашады, адамдардың киіміне назар аудару). Дидактикалық ойын: «Шіркейлер»	Музыка Тақырыбы: «Ән саламыз, билейміз» Мақсаты: Көпке ілесе қимылдау, екеуден айналу дағдыларын дамыту. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Ән тыңдау: «Биші болам өскенде» Б.Ғизатов Ән айту: Жетекшінің таңдауы бойынша өткен әндерге шолу Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Кел-балақан» К.Қуатбаев Мүсіндеу Тақырыбы: «Әтешке қоршау жасаймын» Мақсаты: Домалақталған ермексазды екі алақанмен есу арқылы сопақшалап қоршауға, баған жасауға болатыны туралы білімдерін бекіту; ойын арқылы мүсіндеу қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Түстерін ата»	Өзін –өзі ұстаудың нормала рын меңгер ген және жағымды әдеттері қалыптас қан.

